

Ескелді аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы "Ескелді, ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" № 38-211 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қарашадағы № 15-49 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 24 қарашада № 97-19 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ескелді ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы "Ескелді ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" № 38-211 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 81940 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескелді аудандық мәслихатының төрағасы

К. Сатанов